«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев
«____»_____2025 ж

Дәстүрлі қалалық «Дауыс 40+» атты шығармашылық жоба

«Ақтау Түркі әлемінің мәдени астанасы 2025» аясында Түркі тілдес әуесқой өнерпаздардың «Дауыс 40+» атты шығармашылық жобасының

Сценарий

Өтетін жері: Абай атындағы МДК үлкен зал

ФАНФАР

Жүргізушілер шығады

Жүргізуші 1:Қайырлы кеш, қадірлі көрермендер! «Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы 2025» аясында ұйымдастырылып отырған ерекше жоба– «ДАУЫС 40+» атты шығармашылық байқауына қош келдіңіздер!

Жүргізуші 2: Иә, бүгін сахна төріне өнердің қазынасын бойына жиған, жастық шақтағы арманын әлі де жүрек түкпірінде сақтаған, өмірлік тәжірибесі мол, рухы биік өнерпаздар шықпақ. Бұл кеш – тек ән емес, бұл – өмірдің екінші тынысы, өнерге деген адал махаббаттың мерекесі!

Жүргізуші 1: "Дауыс 40+" жоба қатысушыларының өнерін бағалайтын қазылар алқасымен таныс болайық

Қазылар алқасын таныстыру

Жүргізуші 1: «Дауыс 40+» атты шығармашылық жобаның мақсаты қала тұрғындар арасында 40 тан асқан шығармашылық әуесқой әншілерді өнерге баулу, жаңа есімдерді анықтау, жаңа Маңғыстау даусын халыққа таныту.

Жүргізуші 2: 40 жастан асқан өнерпаздарға өз өнерін көрсетіп, шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беру.

Ересек буын өкілдерінің өнерге, мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыру. Өнер арқылы ұрпақтар сабақтастығын нығайту, мәдени құндылықтарды дәріптеу.

Жүргізуші 1: Жобамыздың Әр қатысушысы 2 ән орындайды. Өз тілінде және де қазақ тілінде.

Жүргізуші 2: Ән репертуары ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, тәрбиелік мәні бар туындылардан таңдалғаны жөн. Өнерпаздардың қалауы бойынша репертуар қабылдана береді.

Жүргізуші: Ендеше құрметті көрермендер, "Дауыс 40+" атты шығармашылық жобасын ашық деп жариялаймыз!!!

Жоба қатысушылары өнер көрсетеді

Жүргізуші 1: Құрметті өнер сүйер қауым, бүгін біз әуесқой әншілеріміздің әсем әндеріне, жан түршіктірер өнерлеріне тәнті болдық.

Жүргізуші 2: Иә дұрыс айтасың, қадірлі көрермен, сахнаға шыққан әрбір қатысушы – жеңімпаз! Өйткені олар жүрегіндегі әнін бізге сыйлады, өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Сіздердің құрметтеріңізге марапаттау рәсімін бастаймыз!!!

Жүргізуші 1: Марапаттау рәсімі келесі номинациялар бойынша өтетін болады(Жүргізушілер кезек-кезектен атап өтеді):

1. «Қоңыр дауыс»

2. **«Жүрек жыры»**
3. **«Көрермен көзайымы»**
4. **«Ақтау дауысы»**
5. **«Ұрпаққа өнеге»**
6. **«Үздік орындаушы»**
7. **«Сахна сәні»**
8. **«Маңғыстау дауысы»**

МАРАПАТТАУ РӘСІМІ

Жүргізуші 1: Марапаттарыңыз құтты болсын!!!
Міне, өнер додасы өз мәресіне жетті.Құрметті өнер сүйер қауым, «Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы 2025» аясында өткен «ДАУЫС 40+» шығармашылық жобасы өз мәресіне жетті.

Жүргізуші 2: Өмір – өнермен көркем. Әр күніміз әнге, шаттыққа толы болсын! Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар!